

K1

1. Экономикалық жүйенің жұмыс істеуі келесі тәуелділіктермен сипатталатыны белгілі. Тұтыну функциясы:  $C=40+0,8Y$ . Инвестиция функциясы:  $I=40-6i$ . Экономикадағы номиналды ақша ұсынысы:  $M_s=54$ . Нақты қасалық қалдықтарға сұраныс:  $L=0,5Y+50-5i$ . Өндіріс функциясы:  $Y=15N^{1/2}$ . Еңбек ұсынысы:  $N_s=35W$ .

Бұл жағдайларда тепе теңдік мәндері қандай:

- а) бағаның жалпы деңгейі;
- б) ұлттық өндіріс көлемі;
- в) жұмыспен қамту;
- г) нақты жалақы мөлшерлемесі;
- д) пайыздық мөлшерлеме.

2. Осы тапсырманы орындау кезінде \* белгіленген ұяшықтарды толтырыңыз. Алынған IS (тауарлар нарығындағы көптеген тепе-теңдік күйлері) және LM (ақша нарығындағы көптеген тепе-теңдік күйлері) теңдеулері бойынша графиктерді құрыңыз.

Көрсеткіш	Мәні
Автономды тұтыну	0
тұтынуға шекті бейімділік	*
жинаққа шекті бейімділік	0,6
Салық аударымдары, T	0
Автономды инвестициялар	24
% қойылым бойынша инвестициялауға шекті бейімділік	14/i
Мемлекеттік шығыстар	0
Экспорт	0
Импорт	0
Импортқа шекті бейімділік	0
Ақша массасы	84
Мүлік ретінде ақшаға сұраныс	98/(i-1)
P	*
Ақша айналымының жылдамдығы	12
K параметрі	*
IS	*
LM	*
y	64
i	*

3. Жабық экономикада тұтыну функциясы берілген:  $C=500+0,8(Y-T)$ , инвестиция функциясы  $I=1000-10r$ . Таза салықтар  $T=50+0,25Y$ , мемлекеттік сатып алу  $G=1200$ . Ақшаға сұраныс функциясы  $(M/P)^d = 0,1Y-2,5r$ . Номиналды ақша ұсынысы  $M^s = 2500$ , баға деңгейі  $P=4$ .

а) IS-LM қисығының теңдеуін жазыңыз

б) Тепе-тең пайыздық қойылым мен тепе-тең табыстың көлемін табыңыз

в) Мемлекеттік сатып алу 20-ға артқанда жаңа тепе-тең пайыздық қойылым мен табыс шамасын табыңыз. Ығыстыру әсерін есептеңіз, IS-LM қисығын графикте бейнелеңіз

г) Орталық банк ығыстыру әсерін тұрақтандыру үшін ақша ұсынысын қаншалықты өзгерту қажет.

4. Ашық экономикада тұтыну функциясы  $C=50+0,8(Y-T)-10i$ , мұндағы  $i$ -номиналды пайыздық қойылым. Салықтық түсімдер теңдеуі  $T=50+0,2Y$ , мұндағы  $Y$ -нақты ЖІӨ. Инвестиция функциясы  $I=300-30i$ . Мемлекеттік сатып алу  $G=100$ . Таза экспорт функциясы  $X_n=50-0,14Y+5e$ , мұндағы  $e$ -нақты валюталық бағам. Номиналды ақша ұсынысы  $M^s=400$ . Нақты ақша қалдықтарына сұраныс функциясы  $L(Y,i)=0,5Y-50i$ . Нақты валюта бағамы  $e=2$ .

а) IS-LM-VP қисықтарының теңдеуін және баға деңгейін жазыңыз, егер бастапқыда экономика тепе-теңдікте және шетелдегі пайыздық қойылым  $i^f=3$  болса. Графикте IS-LM-VP көрсетіңіз.

б) Елде құбылмалы валюта бағамы әрекет етеді. Егер ОБ ақша ұсынысын  $M^s=390$  төмендетсе валюта бағамы қалай өзгеретінін анықтаңыз. Жаңа тепе-тең көлем мен пайыздық қойылымды анықтаңыз. Графикте көрсетіңіз.

5. Елдегі инвестициялық сұраныс функциямен сипатталады:  $I=2000-6000i$ . тұтыну функциясы келесідей:  $C=200+0,8y$ . Нақты пайыздық мөлшерлеме 20% құрайды.

Табу керек:

а) ұлттық табыстың тепе-теңдік көлемі

б) пайыздық мөлшерлеме 4 %- ке дейін төмендеген кезде ұлттық табыстың өсу қарқыны

в) автономды шығыстар мультипликаторының мәні,

г) IS сызығын құрыңыз

K2

1. Осы тапсырманы орындау кезінде \* белгіленген ұяшықтарды толтырыңыз. Алынған IS (тауарлар нарығындағы көптеген тепе-теңдік күйлері) және LM (ақша нарығындағы көптеген тепе-теңдік күйлері) теңдеулері бойынша графиктерді құрыңыз.

Көрсеткіш	Мәні
Автономды тұтыну	4
тұтынуға шекті бейімділік	*
жинаққа шекті бейімділік	0,4
Салық аударымдары, T	0
Автономды инвестициялар	20
% қойылым бойынша инвестициялауға шекті бейімділік	12/i
Мемлекеттік шығыстар	7
Экспорт	10
Импорт	5
Импортқа шекті бейімділік	0
Ақша массасы	81
Мүлік ретінде ақшаға сұраныс	96/(i-1)
P	*
Ақша айналымының жылдамдығы	10
K параметрі	*
IS	*
LM	*
y	60
i	*

2. Жабық экономикада тұтыну функциясы  $C=1200+0,8(Y-T)$ , инвестиция функциясы  $I=2000-30i$ .  $T=40+0,25 Y$ ,  $G=1600$ . Ақшаға сұраныс функциясы  $(M/P)^d = 0,4Y-50i$ . Номиналды ақша ұсынысы  $M^s=3000$ ,  $P=1,5$ .

а) IS және LM қисықтарының теңдеулерін жазыңыз

б) тепе-теңдік табыстың шамасын және пайыздың тепе-теңдік мөлшерлемесін табыңыз  
Егер G 240-қа артса:

в) Жаңа IS теңдеуі қандай?

г) IS көлденең жылжуы неге тең?

д) табыс пен пайыздық мөлшерлеменің жаңа тепе-теңдік мәндері қандай?

е) ығыстыру әсері неге тең?

ж) ығыстыру әсерін бейтараптандыру үшін номиналды ақша ұсынысын қалай және қаншаға өзгерту керек?

Шешімді IS-LM графигінде графикалық түрде суреттеңіз.

3. Нақты ақша ұсынысының мәні 270 болатын елдің экономикасын қарастырыңыз. Ақшаға деген сұраныс келесідей:  $L(Y,i)=0,8Y-100i$ .

а) нақты ақша қалдықтарына сұраныс функциясын сипаттаңыз.

б) егер экономикадағы нақты табыс деңгейі 400 болса, ақша нарығындағы тепе-теңдік параметрлерін табыңыз.

в) нақты табыстың бір мезгілде 500-ге дейін өсуі және нақты ақша массасының 40-қа өсуі жағдайында (орталық банктің номиналды ақша ұсынысының ұлғаюы нәтижесінде) ақша нарығындағы тепе-теңдік қалай өзгереді. Ақша нарығының жаңа тепе-теңдік күйіне өту механизмін сипаттаңыз. Бұл жағдайды графикалық түрде сипаттаңыз.

4. Жабық экономикада тұтыну функциясы берілген:  $C=50+0,8(Y-T)$ , инвестиция функциясы  $I=70-0,1r$ . Таза салықтар  $T=25+0,2Y$ , мемлекеттік сатып алу  $G=850$ . Ақшаға сұраныс функциясы  $(M/P)^d = 0,4Y-1,5r$ . Номиналды ақша ұсынысы  $M_s = 1500$ , баға деңгейі  $P=2$ .

- а) IS-LM қисығының теңдеуін жазыңыз
- б) Тепе-тең пайыздық қойылым мен тепе-тең табыстың көлемін табыңыз
- в) Мемлекеттік сатып алу 30-ға артқанда жаңа тепе-тең пайыздық қойылым мен табыс шамасын табыңыз. Ығыстыру әсерін есептеңіз, IS-LM қисығын графикте бейнелеңіз
- г) Орталық банк ығыстыру әсерін тұрақтандыру үшін ақша ұсынысын қаншалықты өзгерту қажет.

5. Бастапқы жиынтық шығындар тек тұтыну шығындарынан тұрды. Тұтыну функциясы  $C = 30 + 0,4y$  түрінде болады, содан кейін жиынтық шығындар  $I = 10$  автономды инвестиция мөлшеріне өсті.

Анықтау:

- 1) Инвестициялар енгізілгенге дейін және одан кейінгі кейнсиандық крест моделіндегі тепе-теңдік кірісі (аналитикалық және графикалық тәсілмен).
  - 2) тепе-теңдік кірісі қандай шамаға өзгерді?
  - 3) автономды шығындар мультипликаторын есептеңіз.
- Қорытынды жасаңыз.

КЗ

1. Автономды тұтыну -5, жинаққа шекті бейімділік-0,5, салық аударымдары – 7, автономды инвестициялар – 20, % қойылым бойынша инвестициялауға шекті бейімділік - 45i, мемлекеттік шығыстар – 10, экспорт – 15, импорт – 8, ақша массасы – 68, мүлік ретінде ақшаға сұраныс – 73 i, ақша айналымының жылдамдығы – 12,  $y - 40$ .

Табу керек: Тұтынуға шекті бейімділік, баға, k параметрі IS қисығының теңдеуі, LM қисығының теңдеуі, i ?

2. Кейнсиандық крест моделі негізінде экономика келесі жағдаймен сипатталады:  $C=20+0,75(Y-T)$ ,  $I=380$ ,  $G=400$ ,  $T=0,2Y$ . Жоспарланған шығындар функциясын анықтап, тепе-тең табыс көлемін табыңыз. Тепе-тең табыс көлемінде бюджет артықшылығын табыңыз, егер  $G=410$  болса, тепе-тең табыс көлемі қандай болады?

3.  $C=0,6(Y-T)$ ,  $I=120$ ,  $G=100$ ,  $T=0,25$  кезінде игіліктер нарығында тепе-теңдік орнады, бірақ қолда бар өндірістік мүмкіндіктер ұлттық табысты 1,25 есе арттыруға мүмкіндік береді. Тепе-тең табысты анықтаңыз. Мемлекеттік бюджеттің теңгерімділігі жағдайында өндірістік мүмкіндіктерді толықтай пайдалану үшін мемлекет игіліктерді сатып алуға шығыстарды және салық деңгейін қалай өзгерту керек?

4. Жабық экономикада тұтыну функциясы берілген:  $C=30+0,7(Y-T)$ , инвестиция функциясы  $I=50-0,1r$ . Таза салықтар  $T=20+0,3Y$ , мемлекеттік сатып алу  $G=700$ . Ақшаға сұраныс функциясы  $(M/P)^d = 0,5Y - 1,5r$ . Номиналды ақша ұсынысы  $M_s = 2000$ , баға деңгейі  $P=10$ .

а) IS-LM қисығының теңдеуін жазыңыз

б) Тепе-тең пайыздық қойылым мен тепе-тең табыстың көлемін табыңыз

в) Мемлекеттік сатып алу 20-ға артқанда жаңа тепе-тең пайыздық қойылым мен табыс шамасын табыңыз. Ығыстыру әсерін есептеңіз, IS-LM қисығын графикте бейнелеңіз

г) Орталық банк ығыстыру әсерін тұрақтандыру үшін ақша ұсынысын қаншалықты өзгерту қажет.